ҒЫЛЫМ ЖАЙ

Т Л Н Ы

Н

-ай кеп. қай басыл ды ал
уақы ианда іште- ының
тегерші Академиясының жай-күйі
кетті. «Күн
қайта құрып,
қайта
уақытта қайта қабылдау
қою ж іліксіз, мазала-
мықтылығ
хатшы
мының
мақала
кеткен

№ 11 (395), қараша, 199?

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік журнал

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК К МИТЕТІ МЕН РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ

Ж нал 1 ...ыл,а.. шыға астад ы

«З е» («Инт ллект»); на казахск м язы ке. Ежемесячный научн -п пуля ный журнал Казахстана. ых дит с 1 г .

Журнал Қаз қста Республикасы Баспасөз және ұқаралық ақпарат министрлігінде № 7 куәлікпен ті, к лген

Бас дакт
Есенғали РАУШАНҰЛЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:
Өшірбек АМАНКЕЛДІҰЛЫ (Бас редактордың орынбасары), Шәріп ОМАР-

тында әуелі техникалық физика институтында технологиялық-тәжірибе базасын құрып, шала өткізгішті материалдарын алатын технология жасау жөніндегі орталық ұйымдастыру керек еді. Міне, осы өтінішпен «Казфосфор» ассоциациясы және Ғылым Академиясы Министрлер кабинетіне кірген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Оны айтасыз, Химия ғылымы институтының жасаған өте тиімді технологиясы бойынша денсаулық сақтау ісі мен мал шаруашылығы саласына өте қажет «ПП» витаминін жаппай шығаруды ұйымдастыру керектігі жөнінде Академия өткен жылдың аяғына таман Министрлер Кабинетіне ұсыныс жасады. Егер бұл сол кезде-ақ арнасын тапқанда Қазақстан тек өз сұранымын ғана қанағаттандырып қоймай ТМД елінде аса құнды өнімді бірден-бір шығарушыға айналып, орасан пайда табар еді.

— Сіз алдыңғы бір сөзіңізде әлі де баяғыдай өндіріс орындары ғылыми-техникалық жаңалықты қабылдауға үрке қарайды дегенсіз...

— Дұрыс, Міне, экономиканы қайта құрамыз деп қаншама жыл болды күресіп жатырмыз. Анығын айтқанда экономиканы бүгінгі бағытқа сай реттейтін қаншама заңдар қабылданды. Бірақ біз күткендегідей еш нәтиже жоқ. Ғылыми-техникалық жаңалықтар, ғылыми тың ойлар арнасын таппай қалып жатыр, өндіріс орындары олардан бас сауғалап қашады. Егер тез арада ғылыми-техникалық прогреске ден қойып, дамыған елдердің жолынан үлгі алмасақ біздің Қазақстандағы қайта құру жоспарының жүзеге асары беймәлім. Сондықтан экономика ережелері мен нормаларын түбірінен қайта қарап, ғылыми-техникалық прогресті жеделдете түсу үшін оның қозғаушы механизмін дамытып және ең бастысы нәтижелерін өндіріске енгізу жолдарын табу керек.

Мына бір жайды да сөз арасында айтпай кетуге болмас. Әрине Қазақстан республикасы қазіргі кездері шет елдермен экономикалық және ғылыми-техникалық достастық келісіміне қол қоюда. Республикамызға шет елдік қаншама бизнесмендер келсе, сонша делегация сыртқа шығып жатыр. Бірақ неге екені белгісіз, осы болып жатқан келіссөздерге бірде-бір ғалым, негізінен біздің Академиядан ешкім қатыспайды. Сонда келіссөздерде республиканың ғылыми-техникалық мүддесін кім білдіреді, түсініксіз. Мұндай жағдай Академияның әлемдік ғылыми-техникалық байланысын, өзіндік ғылыми-техникалық ойларын жүзеге асыру жолдарын тарылта түсетіні сөзсіз.

— Бұл жағдайды алдағы уақытта үкімет басшылары ескерсе екен дейсіз ғой. Енді, Кенжеғали Әбенұлы, Академия басшылығы мен Президиумның қызметіндегі басты, көкейтесті, толғындыратын мәселе не дер едіңіз.

— Бүгінгі таңдағы жанды жегідей жейтін басты тауқымет — ол ғылыми мекемелерді қаржылай қамтамасыз ету дер едім. Осы мәселені шешу үшін баспаған жеріміз, шықпаған тауымыз қалмады. Қажетті барлық іс қағаздарын дайындап, Министрлер Кабинетіне, Жоғарғы Советке, Қаржы Министрлігіне т. б. есіктерге бас сұқтық, бірақ нәтиже шықпады. Өткен жылғы Академияның бар қаржысы айлық ақыға ғана жетті. Үстіміздегі жылғы ахуал мүлде нашар. Күн санап баға өсуде, ал ғалымдар жалақысы сол күйінде қалуда. Жаңа құрал-жабдықтар, техникалық аппараттар сатып алу арманға айналды. Мұның бәрі, айналып келгенде Академияны жіпсіз байлап, тығырыққа тіреп отыр. Өзге кәсіпорын, өндіріс орындарында жалақы дегеніңіз күн санап өсіп жатыр. Алатын айлықтары отбасын асырауға жетпегендіктен Академияны тастап ғалымдарымыз өзге жұмыс іздейтін халге жетті. Мысалға, өткен жылы ғана Академияның ғылыми мекемелері қызметкерлерінің саны 664 адамға қысқарды. Ойлап қараңыз, олардың ішінде 40 ғылым докторы бар. Өзге жұмыстарға кетіп жатқандардың көбі тәжірибелі, дарынды ғалымдар, талантты жастар.

Оның үстіне сонау 1987 жылдан бері біздің Академия қызметкерлерінің санын қысқарту да жүріп келеді. Алғашқы жылдары бұл қысқарту «саны бар да, сапасы жоқтардан» арылу мақсатымен жүргізілген еді. Әрине, ғылымға көк тыйын қосары жоқ адамдардан дер кезінде арылғанымыз жөн. Мен бұған толық қосыламын. Бірақ енді байқасақ көп ұзамай Академия бастаған ісін аяқтайтын ғалымдардың бәрінен айырылып қалатын түрі бар. Кетіп жатқандардың көбі, сөздің тоқетерін айтқанда, ақшаның аздығынан ғой.

— Осы тұста бір сұрақтың тілге оралып тұрғаны. Қазақстан ҒА-ның ғылыми потенциалын өзге республикалар академиялары потенциялымен салыстыра қарар болсақ, қай деңгейден көре аламыз!

— Бұл жағынан өзімізді мақтан тұтуға әбден болады. Қазақстан Ғылым Академиясының потенциалы өзге республика академиялары потенциалымен салыстырғанда көптеген параметрлерімен асып та түседі. Бірақ, қызметкерлерге айлық ақы төлеу жағынан Академиямыз бәрінің ең соңында екенін жасыра алмаймын. Әрине, республикамыздың экономикасы өте ауыр, сын көтермес жағдайда екенін түсінеміз. Дегенмен, өзге республикаларда да проблема аз емес қой. Оның үстіне біздің басшыларымыз ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстан экономикасы біршама тәуір деп айтқан еді. Біз бұған да, әрине, сенеміз, тек осы біршама тәуір жағдай ғалымдардың тұрмысын жақсартуға себептігін тигізер емес. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, шыңдалған кадрларды бір-ақ жылда жоғалту деген сұмдық емес пе. Талантты жандарды бір жылда жоғалтып, сосын оның орнын он жыл бойына толтыра алмай зиян шегеріміз мүмкін ғой.

— Сонда Академия бұл тығырықтан шығу қандай жолдарды ұсына алады! Нендей шараларды қолға алған жөн.

— Мен айтар едім, Қазақстанда қазір көптеген инновациялық қорлар, фирмалар, коммерциялық банктер құрылды. Олардың барлығында дерлік миллиондаған, ал кейбіреулерінде тіпті миллиарттаған айналым бар. Бірақ бұлардың бірде, біреуі ғылымға, жаңа техника мен технологияға ешқандай ақша аудармайды. Ал, негізінде осы ұйымдардың жарғыларын қарар болсақ олар қаржылай көмек көрсетуге міндетті деп тайға таңба басқандай жазылған.

Екінші жағдай, республикамыздың табиғи бай қазыналарымен жұмыс істейтін кәсіпорындар бар ғой. Олар табиғи байлықты шет елге де шығара алады. Бірақ түскен валютаны ойдағыдай жаратып отыр деуге ауыз бармайды. Міне, осындай кәсіпорындардың тапқан пайдасын үнемі қадағалап отырып, оларды қаржыларын ғылым мен жаңа технологияны дамытуға, өндіріс орындарын технологиямен жарықтандыруға бағыттаса нұр үстіне нұр емес пе.

Ал, Академияның тікелей өзіне келсек, ол жоғарыдағы проблемаларды шешуде тың жол табу үшін күн санап іздену үстінде. Егеменді республикамызда болып жатқан сан-алуан, күрделі өзгерістерге байланысты өмірден өз орнын табу қамын іздестіруде. Бұл айтылған құрғақ сөз емес, өйткені осы ойымызды айғақтайтын Академияда қабылданған шешімдер де, басқару жүйесі мен ғылыми ізденістерді жаңаша қалыптастыратын шаралар да аз емес.

Біздің соңғы кездегі алаңдаушылығымыздың тағы бір басты себебі — жетіспеушілік, академия басына төнген тапшылық. Ғылым барысы, ғалымдар тұрмысы ауырлай бастады. Біздің академиямыз ең бір қиын кезеңде, кешегі сұрапыл соғыс жылдарында құралып, ал енді бүгінде бәріміз жек көрген, теріс жол деп ұққан социализм дәуірінде ер жетіп, өзіне тән атағы мен дәрежесіне ие болған еді. Енді қазір осындай ғылым ордасы ұзақ жылдар бойы өзінің жиған-тергенінің көбінен айрылып қалу қаупінде тұр. Міне, осыны көп болып ескерсек екен деймін.

Әңгімелескен, А. ЕСКЕНДІРОВ

тында әуелі техникалық физика институтында технологиялық-тәжірибе базасын құрып, шала өткізгішті материалдарын алатын технология жасау жөніндегі орталық ұйымдастыру керек еді. Міне, осы өтінішпен «Казфосфор» ассоциациясы және Ғылым Академиясы Министрлер кабинетіне кірген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Оны айтасыз, Химия ғылымы институтының жасаған өте тиімді технологиясы бойынша денсаулық сақтау ісі мен мал шаруашылығы саласына өте қажет «ПП» витаминін жаппай шығаруды ұйымдастыру керектігі жөнінде Академия өткен жылдың аяғына таман Министрлер Кабинетіне ұсыныс жасады. Егер бұл сол кезде-ақ арнасын тапқанда Қазақстан тек өз сұранымын ғана қанағаттандырып қоймай ТМД елінде аса құнды өнімді бірден-бір шығарушыға айналып, орасан пайда табар еді.

— Сіз алдыңғы бір сөзіңізде әлі де баяғыдай өндіріс орындары ғылыми-техникалық жаңалықты қабылдауға үрке қарайды дегенсіз...

— Дұрыс, Міне, экономиканы қайта құрамыз деп қаншама жыл болды күресіп жатырмыз. Анығын айтқанда экономиканы бүгінгі бағытқа сай реттейтін қаншама заңдар қабылданды. Бірақ біз күткендегідей еш нәтиже жоқ. Ғылыми-техникалық жаңалықтар, ғылыми тың ойлар арнасын таппай қалып жатыр, өндіріс орындары олардан бас сауғалап қашады. Егер тез арада ғылыми-техникалық прогреске ден қойып, дамыған елдердің жолынан үлгі алмасақ біздің Қазақстандағы қайта құру жоспарының жүзеге асары беймәлім. Сондықтан экономика ережелері мен нормаларын түбірінен қайта қарап, ғылыми-техникалық прогресті жеделдете түсу үшін оның қозғаушы механизмін дамытып және ең бастысы нәтижелерін өндіріске енгізу жолдарын табу керек.

Мына бір жайды да сөз арасында айтпай кетуге болмас. Әрине Қазақстан республикасы қазіргі кездері шет елдермен экономикалық және ғылыми-техникалық достастық келісіміне қол қоюда. Республикамызға шет елдік қаншама бизнесмендер келсе, сонша делегация сыртқа шығып жатыр. Бірақ неге екені белгісіз, осы болып жатқан келіссөздерге бірде-бір ғалым, негізінен біздің Академиядан ешкім қатыспайды. Сонда келіссөздерде республиканың ғылыми-техникалық мүддесін кім білдіреді, түсініксіз. Мұндай жағдай Академияның әлемдік ғылыми-техникалық байланысын, өзіндік ғылыми-техникалық ойларын жүзеге асыру жолдарын тарылта түсетіні сөзсіз.

— Бұл жағдайды алдағы уақытта үкімет басшылары ескерсе екен дейсіз ғой. Енді, Кенжеғали Әбенұлы, Академия басшылығы мен Президиумның қызметіндегі басты, көкейтесті, толғындыратын мәселе не дер едіңіз.

— Бүгінгі таңдағы жанды жегідей жейтін басты тауқымет — ол ғылыми мекемелерді қаржылай қамтамасыз ету дер едім. Осы мәселені шешу үшін баспаған жеріміз, шықпаған тауымыз қалмады. Қажетті барлық іс қағаздарын дайындап, Министрлер Кабинетіне, Жоғарғы Советке, Қаржы Министрлігіне т. б. есіктерге бас сұқтық, бірақ нәтиже шықпады. Өткен жылғы Академияның бар қаржысы айлық ақыға ғана жетті. Үстіміздегі жылғы ахуал мүлде нашар. Күн санап баға өсуде, ал ғалымдар жалақысы сол күйінде қалуда. Жаңа құрал-жабдықтар, техникалық аппараттар сатып алу арманға айналды. Мұның бәрі, айналып келгенде Академияны жіпсіз байлап, тығырыққа тіреп отыр. Өзге кәсіпорын, өндіріс орындарында жалақы дегеніңіз күн санап өсіп жатыр. Алатын айлықтары отбасын асырауға жетпегендіктен Академияны тастап ғалымдарымыз өзге жұмыс іздейтін халге жетті. Мысалға, өткен жылы ғана Академияның ғылыми мекемелері қызметкерлерінің саны 664 адамға қысқарды. Ойлап қараңыз, олардың ішінде 40 ғылым докторы бар. Өзге жұмыстарға кетіп жатқандардың көбі тәжірибелі, дарынды ғалымдар, талантты жастар.

Оның үстіне сонау 1987 жылдан бері біздің Академия қызметкерлерінің санын қысқарту да жүріп келеді. Алғашқы жылдары бұл қысқарту «саны бар да, сапасы жоқтардан» арылу мақсатымен жүргізілген еді. Әрине, ғылымға көк тыйын қосары жоқ адамдардан дер кезінде арылғанымыз жөн. Мен бұған толық қосыламын. Бірақ енді байқасақ көп ұзамай Академия бастаған ісін аяқтайтын ғалымдардың бәрінен айырылып қалатын түрі бар. Кетіп жатқандардың көбі, сөздің тоқетерін айтқанда, ақшаның аздығынан ғой.

— Осы тұста бір сұрақтың тілге оралып тұрғаны. Қазақстан ҒА-ның ғылыми потенциалын өзге республикалар академиялары потенциялымен салыстыра қарар болсақ, қай деңгейден көре аламыз?

— Бұл жағынан өзімізді мақтан тұтуға әбден болады. Қазақстан Ғылым Академиясының потенциалы өзге республика академиялары потенциалымен салыстырғанда көптеген параметрлерімен асып та түседі. Бірақ, қызметкерлерге айлық ақы төлеу жағынан Академиямыз бәрінің ең соңында екенін жасыра алмаймын. Әрине, республикамыздың экономикасы өте ауыр, сын көтермес жағдайда екенін түсінеміз. Дегенмен, өзге республикаларда да проблема аз емес қой. Оның үстіне біздің басшыларымыз ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстан экономикасы біршама тәуір деп айтқан еді. Біз бұған да, әрине, сенеміз, тек осы біршама тәуір жағдай ғалымдардың тұрмысын жақсартуға себептігін тигізер емес. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, шыңдалған кадрларды бір-ақ жылда жоғалту деген сұмдық емес пе. Талантты жандарды бір жылда жоғалтып, сосын оның орнын он жыл бойына толтыра алмай зиян шегеріміз мүмкін ғой.

— Сонда Академия бұл тығырықтан шығу қандай жолдарды ұсына алады! Нендей шараларды қолға алған жөн.

— Мен айтар едім, Қазақстанда қазір көптеген инновациялық қорлар, фирмалар, коммерциялық банктер құрылды. Олардың барлығында дерлік миллиондаған, ал кейбіреулерінде тіпті миллиарттаған айналым бар. Бірақ бұлардың бірде, біреуі ғылымға, жаңа техника мен технологияға ешқандай ақша аудармайды. Ал, негізінде осы ұйымдардың жарғыларын қарар болсақ олар қаржылай көмек көрсетуге міндетті деп тайға таңба басқандай жазылған.

Екінші жағдай, республикамыздың табиғи бай қазыналарымен жұмыс істейтін кәсіпорындар бар ғой. Олар табиғи байлықты шет елге де шығара алады. Бірақ түскен валютаны ойдағыдай жаратып отыр деуге ауыз бармайды. Міне, осындай кәсіпорындардың тапқан пайдасын үнемі қадағалап отырып, оларды қаржыларын ғылым мен жаңа технологияны дамытуға, өндіріс орындарын технологиямен жарықтандыруға бағыттаса нұр үстіне нұр емес пе.

Ал, Академияның тікелей өзіне келсек, ол жоғарыдағы проблемаларды шешуде тың жол табу үшін күн санап іздену үстінде. Егеменді республикамызда болып жатқан сан-алуан, күрделі өзгерістерге байланысты өмірден өз орнын табу қамын іздестіруде. Бұл айтылған құрғақ сөз емес, өйткені осы ойымызды айғақтайтын Академияда қабылданған шешімдер де, басқару жүйесі мен ғылыми ізденістерді жаңаша қалыптастыратын шаралар да аз емес.

Біздің соңғы кездегі алаңдаушылығымыздың тағы бір басты себебі — жетіспеушілік, академия басына төнген тапшылық. Ғылым барысы, ғалымдар тұрмысы ауырлай бастады. Біздің академиямыз ең бір қиын кезеңде, кешегі сұрапыл соғыс жылдарында құралып, ал енді бүгінде бәріміз жек көрген, теріс жол деп ұққан социализм дәуірінде ер жетіп, өзіне тән атағы мен дәрежесіне ие болған еді. Енді қазір осындай ғылым ордасы ұзақ жылдар бойы өзінің жиған-тергенінің көбінен айрылып қалу қаупінде тұр. Міне, осыны көп болып ескерсек екен деймін.

Әңгімелескен, А. ЕСКЕНДІРОВ